

қазақ сөзі- саяси- этникалық мәнде қолданылады да, соған сәйкес «өзбек- қазақ» атауы пайда болады.

Бесіншіден, Қазақ хандығының Дешті Қыпшақтың басым бөлігінде билігінің орнығуына байланысты, ондағы барлық тайпалар ортақ этникалық атаумен- қазақ атауымен атала бастады. Біз бұл атауды таза этникалық мән дей отыра, қазақ сөзін этноним деп ұғынамыз.

« Өткен күн, кеше,- тарих

Келер күн, ертең,- сыр

Ал бүгінгі күн – үлкен сый »,-деп Қорқыт бабамыз айтпақшы өз тарихымыздың қалай басталғанын білсек, «қазақ» деген сөз қаншама ғұлама ғалымдардың назарын аударып, әлі күнге дейін зерттеліп жатқанын ескерсек, біздің ұлтымыздың текті екеніне көз жеткізуімізге болады. Әрбір намысшыл қазақ өзінің қайдан шыққанын білуі міндетті деп ойлаймын. Ғасырлар бойы жиналған тарихымыздың әрі қарай өрбуі өз қолымызда. Нақтырақ айта кететін болсақ, тарихымыз қалай бастау алды әрі қарай біз қалай еңбек етеміз, солай жемісінде көрмекпіз. Қазақ елі әліде болсын өсіп,өніп жатқан ел. Тарихымызды терең білсек, болашағымыз жарқын болмақ.

Әдебиеттер:

- 1.Прімбетова Е.Ө Қазақ елінің тарихы Алматы, 2003ж
2. Жақып Мырзаханов Тарих қойнауынан Алматы «Жалын баспасы» 2004
- 3.Тлеужанова М.К., Садуақасова А.Ж., Эверо,2015
4. Қазақ энциклопедиясы 2003 ББК 92 я2
5. Ғабжалилов. Х.М Қазақстан тарихы этникалық зерттеулерде 1 том .2008 ж
6. <http://old.abai.kz/content/kazak-sozinin-magynasy>

Сарыбаева З.У., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, шетел тілдер факультеті, МИЯ-52 тобы, магистрант
(*Ғылыми жетекшіі - п.ғ.к., Ақбаева Г.Н.*)

ПӘНАРАЛЫҚ ОҚЫТУ НЕГІЗІНДЕ ТІЛДІК ЕМЕС МАМАНДЫҚ СТУДЕНТТЕРІНІҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТІН ДАМУЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазіргі таңда жаһандану үдерісі жағдайында саяси және экономикалық құрылымдар мен әр түрлі елдердің интеграциялық білім беру жүйелері ұқсастыққа келтірілуде. Елдердің бірегей мәдени-тарихи дәстүрлері мен тілдік әртүрлілігі ескеріле отырып, олардың жан-жақты байланыстарын белсендіру, халықтың мобильділік деңгейінің өсуі көпмәдениетті және көптілді әлемдегі қарым-қатынас үшін қажетті білім мен іскерлікті меңгеруді талап етеді. Осыған байланысты шетел тілдерінің білім беру мәні артуда.

Қазақстан Республикасының Білім беру министрлігінің жоғары оқу орындарына «лайықты деңгей мен бағдарға сай, еңбек нарығында бәсекелесуге қабілетті, құзыретті, өз мамандығын жетік меңгерген, мамандығы бойынша әлем стандарттарының деңгейінде нәтижелі жұмыс істей алатын білікті мамандарды дайындау» туралы қойылған міндеттері тілдік емес мамандық студенттерін кәсіби дайындауда басқа тілді коммуникативтік құзыретін қоса дамыту мәселесін қайта қарастыруды қажет етеді. Аталған мәнмәтінде болашақ мамандардың шетел тілін практикалық меңгеруі тек халықаралық қатынас құралы үшін ғана емес, жоғары оқу орнында оқу барысында кәсіби - жеке тұлғалық дамуы өзекті болып отыр. Әрбір кәсіби білім беру мақсаты жоғары деңгейлі, құзыретті болашақ маманды даярлау [1] болып келеді. Айта кететін жайт, 2016-2019 жылға арналған Қазақстан Республикасының білім және ғылымды дамыту туралы Мемлекеттік бағдарламаларында және 2016-2020 жылдарға арналған үштілдік білім беруді дамыту Жол картасында жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде пәнаралық байланыс негізінде оқытуды жүзеге асыру мен іс-шаралар кезең кезеңмен жоспарланған. Осыған орай, орта және жоғары оқу орындарының профессорлық - оқытушылық құрамның алдында білім беру мазмұнын қайта

қарау, нормативтік-құқықтық және ұйымдастырушылық-әдістемелік сүйемелдеуді әзірлеу, жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқытатын педагог мамандарды даярлау және қайта даярлау сияқты міндеттер қойылды.

Тілдік емес мамандық студенттерін шетел тілдеріне оқытудың практикалық мақсаты коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру, яғни тілін оқып - үйреніп жатқан елдің өкілдерімен қарым-қатынас орнату қабілетін қалыптастыру.

«Құзыреттілік» ұғымы белгілі бір заттар мен процестерге қатысты берілетін, оларға қатысты сапалы, нәтижелі әрекет алу үшін қажетті адамның өзара байланысты қасиеттерінің (білімі, іскерлігі, дағдылары, қызмет ету тәсілдері) жиынтығы болып табылады, яғни құзырет дегеніміз – студенттің білім дайындығына алдын-ала берілген талап, ал құзыреттілік – бұл оның берілген саладағы қызметіне қатысты әбден қалыптасқан жеке басының қасиеті және шағын тәжірибесі.

«Коммуникативті құзырет» ұғымы айтарлықтай кең және көпқырлы. Оның құрамына басқа да бірқатар құзыреттіліктер кіреді, оларға лингвистикалық/тілдік, әлеуметтік лингвистикалық, әлеуметтік мәдени, оқу, дискурсивті және теңгеруші құзырет жатады [2].

Тілдік емес жоғары оқу орындарында коммуникативті құзыретті қалыптастыру келесі себептерден тұратын күрделі үдеріс болып саналады: «Ағылшын тілі» сабағына бөлінген сағаттардың жеткіліксіздігі, студенттердің оқу кестесінің кәсіби сабақтармен толыққандығы, ынта жетіспеушілігі, және де пән мен ағылшын тілін бірге оқытуда бірыңғай әдістеменің болмауы, сонымен қатар әдістеменің болашақ маманды кәсіби даярлаудан алыс болуы.

Қазіргі туындап отырған қарама - қайшылықтың бірі қойылған мақсатқа жету үшін (базалық бағдарлама аясында) болашақ мамандарға тілді меңгеруде жоғары талаптардың қойылуы мен сол талаптарға сай практикалық академиялық сағат санының сәйкес келмеуі. Соның ішінде, бұл қиындық жаратылыстану бағытында білім алушыларда кездеседі. Оқу мерзімін шартты түрде үш кезеңге бөлуге болады:

1) бастапқы (1-3 семестр). Студенттің оқу үдерісіне біртіндеп енуі, жаңа жағдайларға үйренуі, түрлі оқу әрекеттерін меңгеруі (дәріс тыңдау, конспектiлеу, практикалық сабақтарға дайындалу);

2) негізгі базалық (4-6 семестр). Студент әрекетінің жаңа ақпараттар қабылдауымен, кәсіби әрекетке қатыстырылуы нәтижесінде объективті және субъективті көрсеткіштерінің біртіндеп жақсаруы;

3) анықтаушы (7 және келесі семестрлер). Әуелгі түсініктер өзгереді, түзеледі, жалпыланады, кәсіби әрекеттің тұрақты моделі қалыптасады [3, 16-18 б]. Оқу жоспарына сай (кесте) жаратылыстану бағытындағы болашақ мамандарды тілдік даярлау шамалы бастапқы кезеңді қамтып, негізгі кезеңде қарқынды жүзеге асса, кәсіби тілдік даярлау тек базалық шетел тілі курсынан өткеннен кейін жүзеге асырылады.

Кесте

Білім беру сатысы	Тілдік емес мамандықтар (жай топтар), аудиториялық сағат саны			Тілдік емес мамандықтар (көптілді топтар), аудиториялық сағат саны		
	Пән атауы	семестр	Кредит саны	Пән атауы	семестр	Кредит саны
Бакалавриат	Шетел тілі	1-2	6	Шетел тілі	1-2	6
	Кәсіби бағытталған шетел тілі	5/6	2	Базалық деңгейдегі шетел тілі (A2-B1 деңгейі)	1-2	6
				Базалық деңгейдегі шетел тілі (B1-B2 деңгейі)	3-4	6
				Кәсіби бағытталған шетел тілі	5/6	2

Кестеде көрсетілгендей тілдік емес мамандықтарда шетел тілін оқыту фрагменттік сипатқа ие, ол өз алдына студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға әсер етеді. «Ағылшын тілі» пәнінің мақсаты тілдік деңгейді бастапқы деңгейден әлдеқайда көтеру, әрі қарай өздігінен білім алу, даму мен әлеуметтік-коммуникативтік мәселелерді күнделікті тілдік деңгейде ғана емес кәсіби деңгейде шешу. Ал шетел тілі коммуникативті, кәсіби - әрекеттік және әлеуметтік-мәдени тәсілдеме аясында көбінесе бастапқы кезеңде (1, 2-ші курс студенттеріне) және маңызды жинақтаушы кезеңде жеткіліксіз мөлшерде және ұзақ үзіліспен оқытылады. Басқаша айтқанда, кәсіби пәндерді оқыту басталған, жинақтаушы кезеңде шетел тілін оқыту үдерісін ұзу көздеген мақсатқа жетуді бәсеңдетеді.

Жоғары кәсіптік білім беруді жаңалау туралы құжаттарға сай, шетел тілін меңгеру барлық мамандарды кәсіби дайындау үдерісінің ажырамас бөлігі; шетел тілін пәнаралық интеграциялық негізде оқытқан жөн; оқыту студенттің көпқұзыретті, жалпы-мәдени және кәсіби құзыреттіліген дамытуға бағытталуы тиіс [2; 8]. Осы бағытта тілдік және пәндік интеграциялық оқыту еуропалық ғалымдар ұсынған, болашақ мамандарды даярлауда кәсіби дайындық пен тілдік оқытуды интеграция идеясына негізделген - CLIL (Content and Language Integrated Learning) әдістемесі қызықты да өзекті болып отыр. CLIL (Content and Language Integrated Learning – пәндік және тілдік интеграциялық оқыту) жоғары оқу орындарында қолдану мақсатында еуропалық комиссиямен ұсынылған, себебі біріншіден, студенттерге пән мен тілді бір уақытта оқуға; екіншіден, оқу жоспарында шетел тіліне арнайы сағат бөлуді қажет етпейді. CLIL әдісі студенттің кәсіби шеберлігін тек тілдік емес мамандандырылған пән аумағында ғана емес, сол пән оқытылып жатқан тіл аумағында жетілуін көздейді [4]. Сонымен қатар көзделген мақсатқа жету оқыту барысында мамандандырылған пәнді шетел тілінде емес, шетел тілінің көмегімен оқыту тәсілдемесінің қалыптасуын талап етеді. Интеграциялау өзара толықтыру, біріздендіру мен біріктіру арқылы элементтердің тұтастығын орнатуды білдіреді. Дидактика тұрғысынан бұл қазіргі таңда жоғары білікті мамандарды даярлаудағы ең қысқа да тиімді шешім. Біз оқытуды пәнаралық интеграция негізінде түрлі оқу пәндерін өзара толықтыру, қиыстыру мен бірыңғайлау үшін арналған арнайы - ұйымдастырылған әдіс деп түсінеміз.

Тілдерді оқыту қазіргі заманда арнайы мақсатты болып келеді, себебі тіл нақты коммуникативті мәселелерді шешу мақсатында қолданылады. Сонымен қатар, білім алушыларда оқып жатқан тіл мәдениетін тереңірек білу мүмкіндігі пайда болады. Білім алушы кең көлемді тілдік ақпаратты меңгере отырып, толығымен тілдік ортаға кіреді. Тағы бір айта кететін жайт, түрлі тақырыптағы жұмыстар арнайы терминдерді үйренуге және білім алушының сөздік қорын байытуға, келешекте алған білімі мен білігін қолдануға зор көмегін тигізеді. Шетел тілі мен кәсіби пәнді бір уақытта оқыту білім беру мақсатына жетудегі қосымша тәсіл және оның тіл мен пәнді оқытуда оңтайлы жақтары аз емес. CLIL әдісінің артықшылығы – шетел тілін шынайы мәнмәтінде шынайы кәсіби мәселелерді шешуде қолданылуы. Яғни шетел тілі тиімді пәнаралық байланыс орнатудың, мәдениаралық қарым-қатынас орнатудың бірден-бір құралы, өйткені тілді оқу шетел тілдік кәсіби мәнмәтіндік жағдайда орын алады.

Интеграция принципі - оқыту үдерісінің барлық компоненттерінің байланысы және мақсаттың соңғы нәтижесін, мазмұн анықтамасын және оқытудың формасы мен әдісін әзірлеуде бастаушы әдіс. Оқу мен білім берудің интегралды тәсілдемесі интеграция принципін қай кезеңде болмасын оның тұтастығы мен бірізділігін сақтай отырып, іске асыруға бағытталады.

Интеграциялық оқытуды өткізу үшін интегралдық күнтізбелік-тақырыптық жоспарға және кешенді сабақ кестесіне аса қатты көңіл бөлген жөн. Оқу әрекеті аясында сабақ жүйелілігін орнату үшін тақырып таңдауда мұқият болу керек. Тақырып кезектілігі қисынды болғаны абзал. Интеграциялық оқытуды әрі қарай дамыту үшін пәндердің оқу-әдістемелік ақпаратын жаңартып отыру қажет. Әрбір пәннің интеграциялық оқу жоспары, яғни модуль аясында интеграциялық оқытуға қатысты оқытылатын тақырыптар тізімі мен әрбір пәнде

менгерілетін біліктер болуы керек. Әр сабақтың мазмұны айқын анықталған және тұжырымдалған болу керек [5].

Жеке пәндердің интеграциялық оқыту мазмұны құзыреттілік тәсілдемесі негізінде жүзеге асырылады. Бұл үшін келесі жетістіктер қажет:

- студенттердің пән мен шетел тілін тұтастай қабылдауы;
- арнайы ақпаратты шетел тілінде түсінуі;
- арнайы мәтіндер көмегімен шетел тілінде диалог құра білуі.

CLIL әдісінің көмегімен мұғалімге оқу әрекетін жоспарлауда және жобалауда келесі ұсыныстарды ескеру қажет:

- 1) әрбір сабақты ұйымдастыру мен жоспарлауда 4 принципті Content/Communication/Cognition/Culture ұстану;
- 2) әр сабақтың нақты көздеген мақсаты, бағалау әдісі мен талабы және рефлексияның болуы;
- 3) мұғалім үнемі өз сабақтарына интеграциялық оқыту әдісінің бақылау қағаздары негізінде талдау жүргізуі;
- 4) тәжірибеде сүйемелдеуші, қалыптастырушы бағалау мен бағалаудың альтернативті формаларын қолдануы;
- 5) пән мен тілді интегралды оқыту үшін сапалы ақпарат тандап, көрнекіліктер мен аутенттік мәтіндер сапасын жетілдіру.

Қорытындылай келе, тілдік емес мамандық студенттерін пәнаралық әдіс көмегімен өзге тілдік кәсіби оқыту болашақ мамандардың бойында кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға жағдай жасайды, сонымен қатар, қазіргі таңда жұмыс берушілер арасында сұранысқа ие біліктердің ішінде: тұлғааралық қатынас, мәдени хабардар болу және тілдік, коммуникативтік құзыреттілікті дамытуға мүмкіндік туғызады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар. http://www.akorda.kz/kz/page/page_215751_kazakstan-respublikasynyn-prezidentin-a-nazarbaevty-n-kazakstan-khalkyna-zholdauy-2014-zhyly-17-kantar.
2. Костюкова Т.А., Морозова А.Л. Развитие коммуникативной компетентности специалистов неязыковых специальностей [Электронный ресурс] // URL: [http:// sun. tsu.ru](http://sun.tsu.ru).
3. Каганов, А. Б. Рождение специалиста : профессиональное становление студента / А. Б. Каганов. Минск : Изд-во БГУ, 1983. – 111 с.
4. Coyle D. Theory and planning for effective classrooms: supporting students in content and language integrated learning contexts in Masih, J. (ed.) Learning through a Foreign Language, London: CILT
5. Зайцева, И.В. К вопросу о формировании иноязычной профессиональной компетентности у студентов неязыковых специальностей вузов [Электронный ресурс] // URL: [http:// conference.osu.ru](http://conference.osu.ru).

Саткаримов А.А., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, математика және ақпараттық технологиялар факультеті, Ммат-21 тобы, магистрант
(*Ғылыми жетекші – п.ғ.к., доцент Қосыбаева У.А.*)

ОРТА МЕКТЕП МАТЕМАТИКАСЫНДАҒЫ «ТРАНСЦЕНДЕНТТІК ТЕНДЕУЛЕР МЕН ТЕҢСІЗДІКТЕР» БОЙЫНША ТАҚЫРЫПТАРДЫ ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Бүгінгі күні өмірімізге еніп, қолданысы кеңейе бастаған «инновация» термині ауыз екі тілде ғана емес, қоғамдық қарым-қатынаста кеңінен қанат жайып келеді. Қазіргі дамыған елдер инновациялық идеяларымен дүние жүзін жаулап келеді. Әртүрлі елдер үшін білім беру мен тәлім-тәрбиені дамыту бағытында ортақ қиыншылықтардың туындағанына қарамастан, олар бір-бірінен білім беру мәселелерін шешу жолдары, әдістері және мақсаттары тұрғысынан ерекшеленіп отырғандығы елеулі дәрежеде байқалады. Мұндай